

Бұлдырты ауылы

Бұлдырты - Сырым ауданындағы ұзындығы 162 км, алқабы 4141 шаршы км, Жалтыркөлге құятын өзен және елді мекен аты. Бұл атау түркі-моңғол тіл бірлестігі кезеңінен бері осы күнге шейін қолданылып келе жатыр. Оны дәлелдейтін деректер Орта ғасырдағы араб саяхатшысы Ахмет Ибн Фадланның еңбекте – рінде келтірілген. Бұлдырты атауы «бұлдыр», «бұлдруу», «бұдыр», «бұжыр» гомогенді түбірінің тарихи өзгерісі негізінде қалыптасқан. Атау жердің табиғат ерекшелігіне, бедер, көрінісіне орай қойлатынын ескерсек, белгілі диалектолог, ғалым Б.Базылхан сөздігінде «бұлдруу»-бұлдыр жер, бұжырлы жер деп көрсетуі нанымды. Осы деректерге сүйенсек, Бұлдырты атауы көне дәуірлерде түркі тілдері мен моңғол тілдерінің іргесі ажырамаған кезеңде қалыптасқан деген тұжырым қалыптасады.